



**Автор:** Алкуатова Айгул Шоферовна

**Пән:** Әдебиеттік оқу

**Сынып:** 3-сынып

**Бөлім:** Өнер

**Тақырып:** Асыл сөз

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.1.5.1 – өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: мәтіннің тақырыбын анықтай алады, негізгі ойды табады. Көптеген оқушылар: шығармашылыққа негізделген сұрақтар қояды. Кейбір оқушылар: берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.
Тілдік мақсаттар:	ата ақылы, асыл сөз, ата сөзі, нақыл сөз тірек сөздерін қолдану
Күтілетін нәтиже:	оқушылар өз ойын нақыл сөзбен көркемдеп айта біледі, нақыл сөздер мен аталардың нақыл сөздерін түсініп айта біледі
Бағалау критерийлері:	<input type="checkbox"/> Мәтіннің тақырыбын анықтай алады, негізгі ойды табады. <input type="checkbox"/> Шығармашылыққа негізделген сұрақтар қояды. <input type="checkbox"/> Берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.
Құндылықтарды дарыту:	Оқуға, білімге деген қызығушылығын арттырып, еңбекке баулу. Жеке және топта жұмыс жасай алу, ынтымақтастық.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;
Пәнаралық байланыс:	Дүниетану, қазақ тілі.
Бастапқы білім:	Оқушылар алдыңғы өткен құрылымды (шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетіне баға беруді, мәтін бойынша өздігінен сұрақтар құрастырып, мүмкін болатын жауаптарды болжап, жоспар құруды үйрену) ұстанып, әңгімелерді жоспарлап, мазмұнын айта және өз ойын жаза алуы керек.

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	<b>Жаңа топ құру «Әсерлерімізбен бөлісейік» жылулық шеңбері</b> Педагог балаларға 1-2 минут көздерін жұмып,өздерін тағы да табиғат аясында,көк майса шалғында жатып,көк аспан,аппақ бұлттарды көріп,құстардың сайраған әнін,судың сыбдырын естіген кездерін елестетуді ұсынады. Жыл мезгілдері 4 жыл мезгілдерінің суреттері жасырын қойылады, Әр оқушы бір-бірден жасырын қағазды алады. Сурет бойынша топқа бөлінеді. Жұмыс ережесін келісу Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты,дәл жауап береміз! Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда) Тест. <b>ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау.</b> Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау	Оқушыларды топтарға бөлуге арналған суреттер. Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмала ры

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (30 минут)	<p><b>Ширату тапсырмасы.</b> Белсенді оқу тапсырмалары(топта, ұжымда) «<b>Көршіңе әңгімелеп бер</b>» Бұл әдіс оқушылар өз ойларын дауыстап айтып беру үшін пайдаланылады. Сұрақ қойыңыз, ойластыруға уақыт беріңіз, одан кейін оқушылардан өз ойларын көршілерімен бөлісуді сұраңыз, оқушыларға жаңа тақырыпты айтыңыз және осы тақырып бойынша өздері білетін барлық жағдайды көршісіне айтуын ұсыныңыз.</p> <p><b>Тыңдалым.</b> А. Асылбектің өлеңі тыңдалады.</p> <p><b>1-тапсырма.</b> Өлең бойынша берілген семантикалық карта ауызша толтырылады.</p> <p>2. Картада берілген ақыл сөздерді ақын тілімен сәйкестендіріп, өз ойларын бейнелі жеткізеді.</p> <p><b>2-тапсырма.</b> Топтық жұмыс.</p> <p>I топ. Әр топ өлеңді бөліктерге бөліп, сол бөліктегі ақын ойын нақыл сөзбен тұжырымдайды.</p> <p>II топ. Үлкендерің жас балаға құлақ беретін себебі: жақсы сөзге құлағы түрік болсын, айтқанды тыңдап өссін дегені. Мәтінде құлақ туралы осылай делінсе, ми мен тілді не үшін балаға жегізеді? Осыған қатысты ойынды нақыл сөзбен көркемдеп жеткіз.</p> <p><b>Дескриптор:</b> □ Мәтіннің тақырыбын анықтай алады, негізгі ойды табады. □ Шығармашылыққа негізделген сұрақтар қояды. □ Берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.</p> <p><b>ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.</b> Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер. Мүшел дегенді қалай түсінесің? Бір сөйлеммен жауап бер. Мәтінде қандай жануарлар туралы айтылған? Мәтіндегі негізгі ақпаратты тауып жаз.</p>	<p>Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.</p> <p>Белсенді оқу тапсырмалары.</p> <p>Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.</p>
Сабақтың соңы (5 минут)	<p>Жаңа білім мен тәжірибені қолдану</p> <p><b>Топтық жұмыс. «Галлерияда ой шарлау»</b> Берілген тақырыпта топтық жұмысы жүргізіліп, әр топтың жұмысы қабырғаға ілінеді де, оқушылар жүріп, аралап, оған әр оқушылар кішкене жапсырма қағазға бағасын беріп, пікірін жазып жабыстырып кетеді. Ең жақсы баға алған топтың жұмысы қаралады.</p> <p><b>ҚБ: Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау.</b> «<b>Ойлан, Жұптас, Пікірлес</b>» Оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгеннен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған тәсіл.</p> <p>Тақтада сұрақ/тапсырма жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен жазғанын 3-4 минут талқылайды, пікірлеседі. Мұғалімнің екі-үш жұпқа өз пікірлерін бүкіл сыныпқа жариялауын сұрауына болады.</p> <p><b>(ҚБ) “Екі жұлдыз, бір тілек” әдісі.</b></p>	<p>Оқушылар дың бірін-бірі, өзін өзі бағалауға негізделген, бұл тәсілдің мақсаты өзін және құрбыларын әділ бағалауға үйрету.</p>
Рефлексия	Рефлексия. «Бағдаршам» кері байланыс.	"Бағдаршам көздері"